

**Гулмира Жомартқызы Шынасылова¹, Шолпан Таубаевна Кудьярова^{2*},
Перизат Келдибаевна Елубаева³**

¹докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0002-2864-6623 E-mail: guka9523@mail.ru

^{2*}автор-корреспондент, философия докторы (PhD),
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0009-0003-6304-5433 E-mail: kudyarova.72@mail.ru

³педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0002-5534-0841 E-mail: perizat_fmo@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІҢ МЕДИАСАУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МЕДИАМӘДЕНИЕТТІҢ РӨЛІ

Андатпа. Заманауи ақпараттық қоғамда медиамәдениет пен медиасауаттылық негізгі құзыреттерге айналуға. Мақалада студенттердің медиасауаттылығын қалыптастырудағы медиамәдениеттің рөлі қарастырылған. Қазіргі қоғамда студенттердің ақпараттық қоғамға тиімді бейімделуі мен саналы шешімдер қабылдау қабілеттерін дамыту маңызды болып табылады. Студенттерде сыни медиасауаттылық дағдыларын қалыптастыру, жастардың ақпаратты талдай білуге, оған сыни көзқараспен қарау және өз бетінше шешім қабылдау қабілетін жетілдіруге ықпал етеді. Зерттеудің мақсаты – медиасауаттылықты дамытуға байланысты негізгі ұғымдарды түсіндіру, тақырыпқа қатысты әдебиеттерді талдау, студенттерге берілген әртүрлі тапсырма негізінде медиамәдениет пен медиасауаттылықты қалыптастыру. Зерттеу барысында сапалық, сандық және тест әдістері негізінде жоғары оқу орындары студенттері арасында сауалнама жүргізілді. Заманауи ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана білу, медианың ықпалын түсіну және бағалау дағдыларын дамыту олардың жеке және кәсіби өмірінде маңызды рөл атқарады. Медиасауаттылық студенттерге БАҚ хабарламаларын сыни тұрғыдан бағалауды, ақпаратты талдау және синтездеу дағдыларын жетілдіруді, сондай-ақ әртүрлі медиа форматтарын тиімді пайдалануды үйренуді қамтамасыз етеді. Бұл дағдылар жаңа идеяларды құруда тіл мен қарым-қатынасты дұрыс қолдануды түсіндіруде практикалық маңызы бар. Зерттеу көрсеткендей, медиасауаттылық студенттерге тілдік сабақтарда жалған ақпарат, фейк жаңалықтар және манипуляциядан сақтануға, оларды анықтап, шындықты ажыратуды үйренуге мүмкіндік береді. Осылайша, медиасауаттылық дағдыларын дамыту қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында студенттердің практикалық, кәсіби және зерттеу қабілеттерін жетілдірудің маңызды құралы болып табылады.

Тірек сөздер: медиасауаттылық; медиамәдениет; ақпараттық қоғам; медиабілім; сыни тұрғыдан талдау

Сілтеме жасау үшін: Шынасылова Г.Ж., Кудьярова Ш.Т., Елубаева П.К. Студенттердің медиасауаттылығын қалыптастырудағы медиамәдениеттің рөлі. *Tiltanym*, 2026. №1 (101). 222-232-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-222-232>

**Гулмира Жомартқызы Шынасылова¹, Шолпан Таубаевна Кудьярова^{2*},
Перизат Келдибаевна Елубаева³**

¹докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0009-0002-2864-6623 E-mail: guka9523@mail.ru

^{2*}автор-корреспондент, доктор философии (PhD),
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0009-0003-6304-5433 E-mail: kudyarova.72@mail.ru

³кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0002-5534-0841 E-mail: perizat_fmo@mail.ru

РОЛЬ МЕДИАКУЛЬТУРЫ В ФОРМИРОВАНИИ МЕДИАГРАМОТНОСТИ СТУДЕНТОВ

Аннотация. В современном информационном обществе медиакультура и медиаграмотность становятся одной из основных компетенций. В статье рассматривается роль медиакультуры в формировании медиаграмотности студентов. Развитие медиаграмотности и медиакультуры способствует успешной адаптации молодежи, в том числе студентов, к современному информационному обществу и принятию осознанных решений. Это помогает студентам

развивать умение критически оценивать информацию, проводить её анализ и принимать независимые решения. Цель исследования заключается в разъяснении основных понятий, связанных с развитием медиаграмотности, анализе литературы по теме, формировании медиакультуры и медиаграмотности через различные задания для учащихся. В рамках исследования был проведен опрос среди студентов университета с использованием качественных, количественных и тестовых методов. Способность эффективно использовать современные информационные технологии, понимать и оценивать влияние средств массовой информации играет важную роль в их личной и профессиональной жизни. Медиаграмотность дает студентам возможность критически оценивать медиасообщения, совершенствовать навыки анализа и синтеза информации, а также учиться эффективно использовать различные медиаформаты. Эти навыки имеют практическое значение для объяснения правильного использования языка и коммуникации при создании новых идей. Исследования показали, что медиаграмотность позволяет студентам распознавать дезинформацию, фейковые новости и манипуляции на уроках языка, учиться их выявлять и отличать правду от реальности. Таким образом, развитие навыков медиаграмотности является важным инструментом для повышения практических, профессиональных и исследовательских навыков студентов в условиях современного информационного общества.

Ключевые слова: медиаобразование; медиакультура; информационное общество; медиаобразование; критический анализ

Для цитирования: Шынасылова Г.Ж., Кудьярова Ш.Т., Елубаева П.К. Роль медиакультуры в формировании медиаграмотности студентов. *Tiltanyum*, 2026. №1 (101). С. 222-232. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-222-232>

Gulmira Shynassylova¹, Sholpan Kudyarova^{2*}, Perizat Yelubayeva³

¹Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0009-0002-2864-6623 E-mail: guka9523@mail.ru

^{2*}Corresponding Author, Doctor of Philosophy (PhD), Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0003-6304-5433 E-mail: kudyarova.72@mail.ru

³Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor,
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-5534-0841 E-mail: perizat_fmo@mail.ru

THE ROLE OF MEDIA CULTURE IN THE FORMATION OF STUDENTS' MEDIA LITERACY

Abstract. In today's information society, media culture and media literacy have become essential competencies. This article explores the significance of media culture in shaping media literacy among students. The advancement of media literacy and media culture plays a key role in enhancing students' abilities to critically engage with media successful adaptation of young people, including students, to the modern information society and making informed decisions. The relevance of this work is a review of the basics in developing media literacy, analyze the literature on this topic and provide examples of practical tasks for students that aid in the enhancement of their media culture and media literacy through independent work. The study included a survey of university students using qualitative, quantitative and test methods. It is important to help students develop critical media literacy, which is an important skill in today's information society. Media literacy gives students the opportunity to critically evaluate media messages, improve the skills of analysis and synthesis of information, and also learn to effectively use various media formats. These skills are of practical importance for explaining the correct use of language and communication when creating new ideas. Studies have shown that media literacy allows students to recognize disinformation, fake news and manipulation in language lessons, learn to identify them and distinguish truth from reality. Thus, the development of media literacy skills is an important tool for improving the practical, professional and research skills of students in the conditions of the modern information society.

Keywords: media literacy; media culture; information society; media education; critical analysis

For citation: Shynassylova, G., Kudyarova, Sh., Yelubayeva, P. The Role of Media Culture in the Formation of Students' Media Literacy. *Tiltanyum*, 2026. No.1 (101). Pp. 222-232. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-222-232>

Кіріспе

Медиабілімге деген қызығушылықтың артуы мәдениетаралық коммуникацияның белсенді дамуымен түсіндіріледі. Өмірдің барлық салаларында ашықтық маңызды рөл атқарады. Қазіргі замандағы тығыз халықаралық қатынастар мен академиялық ортада медиамәдениет пен медиабілімді зерттеудің маңызы ерекше. Медиа еліміздегі және әлемдегі маңызды оқиғалар туралы ақпарат ұсынады. Қазіргі уақытта интернет-технологиялар медиа және ақпараттық сауаттылықты бірдей меңгеруді талап етеді. ЮНЕСКО медиа және ақпараттық сауаттылық (МАС) ұғымын енгізді, ол барлық коммуникациялық құралдарды (медиа), бұқаралық ақпарат

құралдарын (газеттер, радио, теледидар, кино, жарнама, интернет) және басқа ақпарат көздерін (кітапханалар, мұрағаттар, мұражайлар) т.б. қамтиды.

Ақпараттық сауаттылық дегеніміз – ақпаратты таңдау, түсіну, бағалау, сақтау, жазу, қолдану және ұсыну қабілеті. Ақпараттық сауаттылықты меңгерген және сыни ойлауға қабілетті адам ақпаратты дұрыс пайдаланушы ретінде бағаланады. Студенттер осы дағдыларды меңгергенде жеке, әлеуметтік және білім саласындағы мақсаттарына жетуге мүмкіндік алады. Бұл, өз кезегінде, оларды ақпараттың пайдалы жағын түсініп, сыни тұрғыдан талдай білу үшін медиасауаттылық дағдыларын меңгеруге бағыттайды.

Қазіргі таңда көптеген ғалымдар медиабілім беру мәселелерін зерттеуге назар аударғанымен, қоғамда медиакеңістіктің пайдасы мен зияны туралы нақты жауаптар жоқ. Кейбіреулер медиаақпараттардың жастар психикасына теріс әсерін, олардың әлеуметтік желілерге тәуелділігін, ақпараттың сенімсіздігі мен түсініксіздігін атап өтеді. Ал басқалары ақпараттық технологиялар білім алуға кең мүмкіндіктер беріп, қажетті ақпаратты алуды жеңілдетіп, жаңа дағдыларды меңгеруге көмектеседі деп санайды.

Медиасауаттылық пен медиамәдениетті дамыту жастардың, студенттердің заманауи ақпараттық қоғамға сәтті бейімделуіне және саналы шешімдер қабылдауына ықпал етеді. Бұл дағдыларды меңгерген студенттер ақпаратты сыни тұрғыдан талдай білу, оның сапасы мен сенімділігін бағалау қабілеттерін жетілдіреді. Осылайша, медиасауаттылық пен медиамәдениеттің дамуы жастардың ақпараттық қоғамда тиімді әрекет етуіне және өз мақсаттарына жетуіне мүмкіндік береді, саналы шешімдер қабылдауына әсері етеді.

Сондықтан бүгінгі күннің талабы – жастардың ақпараттық қоғамдағы маңызды дағды болып табылатын сыни медиасауаттылығын дамыту. Мақалада студенттермен жұмыс жасауда медиасауаттылықты енгізудің маңыздылығы қарастырылған. Практикалық маңыздылығы студенттердің медиасауаттылығын қалыптастыруда оны әртүрлі тапсырма арқылы қолдану мүмкіндігімен байланысты. Мысалы, ақпараттарды талдау, блок құру, постер, презентация немесе подкаст жасау сияқты тапсырмалар арқылы студенттердің медиа ақпараттарды анықтау дағдылары мен сыни пікір білдіру қабілеттері дамиды.

Материал және әдістер

Медиасауаттылық – бұл ұсынылатын ақпараттың түріне, жасалу пішіндеріне қарамастан хабарламаларды талдау, бағалау мен жасауға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығы. Медиасауаттылық адамдарға көргені және оқығаны туралы сыни пікір қалыптастыруға үйретеді. Бұл қабілет адамдарға медиа хабарламаларын талдауға, жаңалықтар мен қоғамдық бағдарламалардағы үгіт-насихат, цензураны, біржақтылықты анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ақпаратқа әсер ететін құрылымдық элементтерді түсінуге көмектеседі.

Медиасауаттылықтың мақсаты: қабылданған ақпаратқа сыни тұрғыдан қарау, манипуляциялардан хабардар болу, шындық туралы идеяларды қалыптастырудағы БАҚ және т.б. медиа ресурстардың рөлін бағалай білу.

Зерттеуде әсіресе студенттердің тұжырымдамалық әдіс, талдау, сараптау және салыстыру әдістері арқылы мәселенің зерттелу деңгейі, тақырыптың өзектілігі анықталды. Әртүрлі көзден алынған жаңалықтарды берудегі жалпы үрдістер мен айырмашылықтар талқыланды. Студенттерге таңдалған тақырып бойынша сенімді ақпарат көздерін (ғылыми мақалалар, ресми баяндамалар, сарапшылармен сұхбат т.б.) пайдалана отырып зерттеу жүргізу көрсетілді. Жиналған деректер әртүрлі перспективалар мен сыни аспектілер бойынша талданды.

Әдебиетке шолу

Теледидар, кино, музыка және әлеуметтік медиа сияқты бұқаралық ақпарат құралдарының әртүрлі нысанын қамтитын медиамәдениет XX ғасырдың ортасында академиялық зерттеу нысанына айналды. Медиамәдениеттің алғашқы зерттеулері (1940-1960 жж.) бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамға әсеріне бағытталды. Медиамәдениет – қазіргі қоғамның негізгі буыны болып табылатын ақпараттық қоғам мәдениетінің ерекше түрі. Ақпарат көздерінің жеке тұлғаны ақпараттандыруда, ойлауы мен сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруда маңызы зор.

Медиасауаттылық студенттердің ақпараттық қоғамда дұрыс әрекет етуіне, өз мақсаттарына жетуіне мүмкіндік береді. Осы дағдыларды меңгере отырып ақпаратты сыни тұрғыдан талдай

білуге, сапасы мен сенімділігін бағалау қабілеттерін жетілдіруге жол ашады. Осы негізде Пол Лазарсфельд және Роберт Мертон сияқты зерттеушілер радио мен теледидардың қоғамдық пікірді және мінез-құлықты қалай қалыптастыратынын зерттеді (Лазарсфельд, Мертон, 1948).

Стюарт Холл бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын аудиторияның қалай қабылдайтынын зерттеген мәдениеттанушы ғалым. Оның «Кодтау және декодтау» теориясында медиа хабарламалар белгілі бір кодтармен жасалады, ал аудитория оларды әртүрлі тәсілмен түсінеді. Ол медиа хабарламаларының мағынасы тек хабарламаны жасаушының ниетімен ғана емес, сонымен қатар аудиторияның мәдени және әлеуметтік контекстімен де анықталатынын түсіндіреді. Бір хабарлама әртүрлі аудитория арасында әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін, ол хабарламаны жеткізіп ғана қоймай, сонымен қатар мәдениет пен идеологияны қалыптастырады деп есептеді. Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік құндылықтарды, өлшемдер мен наным-сенімдерді қалай бейнелейтіні мен қалыптастыратынын талдады (Hall, 1980).

Дуглас Келлнер 1980 жылдары медиасауаттылық тұжырымдамасында бұқаралық ақпарат құралдарын сыни тұрғыдан талдау мен түсінудің маңыздылығын көрсетіп, білім беру бағдарламаларын оқушылардың сыни ойлау және медианы талдау дағдыларын дамытуға бағыттады (Келлнер, 2003).

Цифрлық технологиялар мен интернеттің дамуы (1990 жылдардан бастап) медиамәдениетті айтарлықтай өзгертті. Зерттеушілер цифрлық медианың контентті тарату және тұтыну тәсілдеріне әсерін зерттеп, күрделі сандық медиаландшафтында шарлау үшін қажетті медиасауаттылықтың жаңа түрлерін анықтайды. Медиасауаттылықтың қазіргі тұжырымдамасы ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдау, ықтимал манипуляциялардан хабардар болу, БАҚ және т.б. медиа ресурстардың шындықты қалыптастырудағы ролін бағалау қабілеттерін қамтиды.

«Бүгінгі медиамәдениет – бұл ақпарат ағынының қарқындылығы (ең алдымен, аудиовизуалды: теледидар, кино, бейне, компьютерлік графика, интернет), ол адамның қоршаған әлемді өзінің әлеуметтік, адамгершілік, психологиялық, интеллектуалдық аспектілері бойынша жан-жақты дамыту құралы болып табылады» (Кириллова, 2006: 31).

Медиамәдениеттің білім беру мен қоғамның дамуына әсері күшті. Қазақстанда да медиамәдениет пен медиасауаттылық мәселелеріне ерекше назар аударылуда. Мысалы, педагогика ғылымдарының кандидаты Б.А. Исакаовтың «Ресурстық орталық жағдайында оқытушылардың медиақұзыреттілігін дамыту» еңбегінде медиасауаттылықты дамыту арқылы жастар мен студенттердің ақпараттық қоғамға сәтті бейімделуіне және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етуге болатындығы жайлы зерттеу жүргізілген (Исакаов, 2013).

Қазақстанда медиамәдениет пен медиасауаттылықты зерттеу және дамыту бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Медиасауаттылық, медиаақпарат, медиабілім тақырыптарына арналған ғылыми еңбектер, ғылыми мақалалар бар. Мәселен, П.Б. Сейітқазы (2009; 2014), Л.Ахметова т.б. (2014), М. Иманқұлов (2018), У. Кэролайн (2018), С. Штурхецкий (2019), Г.Қошанова (2021) және т.б. зерттеулері ерекше назар аудартады.

Сондай-ақ Л.С. Ахметованың БАҚ-тың білім беру мәселелерін зерттеудің даулы сипаты туралы (Ахметова, 2014), С. Барлыбаеваның жаһандық цифрландырудан туындаған Қазақстандағы ақпараттық және білім беру үдерістерін түсіну қажеттілігі жайында (Барлыбаева, 2019), П.К. Елубаева және т.б. авторлардың «Тұрақты даму үшін тілдік білім беру бағдарламасына медиасауаттылықты енгізу» атты мақаласында медиасауаттылықтың тіл біліміне әсері қарастырылған (Елубаева, 2023).

Нәтижелер және талқылау

«Медиамәтін» термині ХХ ғасырдың 90 жылдары ағылшын тілінде пайда болып, содан кейін халықаралық академиялық ортада, ұлттық медиадискурстарда тез таралды. Медиамәтін ұғымының тез қабылдануы зерттеушілердің медиатілдік проблемаларын, бұқаралық коммуникация саласындағы тілдің жұмыс істеу ерекшеліктерін зерттеуге деген қызығушылығының артуына байланысты болды (Есенова, 2007: 37).

Медиамәтін – кез келген медиа жанрындағы хабарлама, ақпарат. Қазіргі таңда медимәтін арнайы терминге айналып, бұқаралық ақпарат құралдарының тілі ретінде бекітілді. Соның

негізінде медиамәтін медиалингвистика, медиастилистика, медиамәдениет, медиабілім сияқты бірнеше ғылым салаларының жаңа бағыттарының базалық категориясы мәртебесіне ие болды (Сейдалиева, 2017: 24).

Медиамәдениет адамның интеллектісіне, эмоцияларына, дүниетанымына, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттеріне, сондай-ақ эстетикалық аспектілеріне әсер ете отырып, тұлғалық дамуына ықпал етеді. Ол адамның жеке және кәсіби өмірінде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар білім беру саласында адамдардың медиа-қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында олардың денсаулығы мен дамуына зиян тигізетін ақпараттан қорғау үшін кешенді жұмыстар жүргізу қажет. Бұл шаралар жастарды зиянды ақпараттан қорғауға және олардың ақпараттық сауаттылығын арттыруға бағытталуы тиіс.

Медиа әлемі қазіргі заманда әрбір адамның өміріне терең енген, әсіресе жастар оның белсенді қолданушылары болып отыр. Олардың өмірінде медиа маңызды рөл атқарады: алуан түрлі танымдық ақпараттар, жаңалықтар, білім беру, демалыс, ойын-сауық, қарым-қатынас және т.б. Осыған байланысты қазіргі таңда әрбір ұстаз оқыту үдерісін әлемде болып жатқан өзгерістерді ескере отырып ұйымдастыруы қажет.

Сыни медиасауаттылықтың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін қарастырсақ:

1. *Медиа хабарламаларды талдау.* Сыни медиасауаттылық әртүрлі көзден алынған ақпаратты талдауға мүмкіндік береді. Олар ақпараттың сенімділігін анықтай алады, фактілерді тексереді және манипуляцияны тани алады.

2. *Медиа мәтіндердің құрылымын талдау.* Сыни сауатты адамдар медиамәтіндердің қалай құрастырылғанын, аудиторияға әсер ету үшін қандай әдістер қолданылатынын түсінеді.

3. *Дереккөздердің сенімділігі мен беделін бағалау.* Сыни медиасауаттылық сенімді дереккөздерді сенімсіздерден ажыратуға көмектеседі, басылымның авторын, контекстін және мақсатын тексеруді үйренеді.

4. *БАҚ психологиясын түсіну.* Сыни сауатты адамдар БАҚ мәтіндерін талдау кезінде психологиялық аспектілерді ескере отырып, ақпараттың ықтимал әсерін түсінеді. Олар ақпараттың құрылымы, тілдік құралдар, бейнелер мен эмоциялық элементтер арқылы қалай әсер ететінін зерттейді. Бұл тәсілдер ақпараттың ықтимал әсерін түсінуге және оны сыни тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Сыни сауатты адамдар психологиялық аспектілерді ескере отырып, ақпаратты талдайды, бұл олардың ақпараттық сауаттылығын арттырады, ақпаратты дұрыс қабылдап, бағалауына көмектеседі.

5. *Жалған ақпараттан өзін-өзі қорғау.* Сыни медиасауаттылық жалған ақпарат, жаңалықтар және айла-шарғыларды түсінуге көмектеседі. Адамдар шындықты көркем әдебиеттен ажыратуды үйренеді. Осындағы ескеретін жайт – фейк. Бұл қазіргі медиадағы манипуляцияның кең тараған түрі. Фейк жаңалықтарды шығарудың түрлі себептері бар. Мысалы, қалжың үшін, өміріміздегі оқиғаларды мысқылдап жеткізу үшін, бір мәселеге назар аударту үшін т.б. Көбінесе «жаға ұстататын» жаңалықтар аудиторияның назарын тез аударатындықтан фейктер әдейі жасалады.

Медиасауаттылыққа оқыту пәнін енгізу керек. Мұны әсіресе лингвистикалық сабақтарда тілдерді оқыту кезінде қолдануға болады. Студенттерді қазақ тіліндегі медиасауаттылықтың негізгі тұжырымдамаларымен таныстыру және медиа мәтіндермен жұмыс істеу барысында, сыни ойлау дағдыларын дамыту мақсатында «Кәсіби қазақ тілі және медиасауаттылық» курсы бойынша эмпирикалық әдіс қолданылды. Студенттердің медиамәтіндерді талдау бойынша тапсырмаларға берген жауаптарының нәтижесі төмендегі кестеде (Кесте 1) көрсетілген.


Барлық қатысушылардың берген жауаптары бойынша «Кәсіби қазақ тілі және медиасауаттылық» курсы бойынша тапсырмаларды студенттердің 40,86% дұрыс орындаса, 59,14% дұрыс жауап бере алмады.

Кесте 1 – Студенттер арасында өткізілген «Кәсіби қазақ тілі және медиасауаттылық» курсының статистикасы

Таблица 1 – Статистика проведенного среди студентов курса «Профессиональный казахский язык и медиаграмотность»

Table 1 – Statistics of the Course “Professional Kazakh Language and Media Literacy” Conducted among Students

Барлық қатысушылар	Курстың нормасы	Дұрыс жауаптар %	Өтті %
137	192	40,86%	56,01%



Диagramма 1 – Студенттер арасында өткізілген «Кәсіби қазақ тілі және медиасауаттылық» курсының статистикасы

Диagramма 1 – Статистика проведенного среди студентов курса «Профессиональный казахский язык и медиаграмотность»

Diagram 1 – Statistics of the Course “Professional Kazakh Language and Media Literacy” Conducted among Students

Демек, жоғарыда көрсетілгендей, студенттерге тапсырма беру барысында олар фейк ақпараттарды ажыратуда жиі қателіктер жасайды. Бұл үшін медиасауаттылық дағдыларын және тілдік құзыреттіліктерді дамыту, медиамәтіндерді сыни тұрғыдан бағалай білу, әлеуметтік желілердегі ақпараттарды талдап, жалған мәліметтерді анықтау арқылы талдау жасау стратегияларын әзірлеуді үйрету қажет. Бұл курс арқылы студенттерге медиаконтентті сыни тұрғыдан қабылдап, әртүрлі медиаформаттарды түсініп, қазіргі цифрлық кеңістікте ақпараттарды дұрыс түсінуге бағдарланған қажетті тілдік дағдыларды дамытуға көмектесуге тырыстық.

Зерттеу нәтижелері бойынша, сауалнамаға қатысқан студенттердің 60%-ы медиасауаттылық деңгейін әлі де дамыту қажеттілігін көрсеткені анықталды. Бұл көрсеткіш студенттер арасында ақпаратты сыни тұрғыдан талдау, жалған ақпаратты ажырату және медианы жауапкершілікпен қолдану дағдыларын жетілдіруге бағытталған арнайы оқу-тәрбиелік жұмыстарды жүргізудің маңызды екенін айқындайды. Сондықтан медиасауаттылықты дамытуға арналған тренингтер, семинарлар және білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру өзекті.

«Кәсіби қазақ тілі және медиасауаттылық» курсы бойынша студенттерге жүргізілген сұрақ-жауаптар нәтижелеріне талдау жасай отырып, медиасауаттылықты қалыптастыруда студенттерге келесі тапсырмаларды ұсынуға болады:

1. *Жаңалық мақалаларын талдау.* Студенттерді ақпарат көздерін сыни бағалауға үйрету үшін жаңалықтардағы мақалаларды талдау тиімді әдіс болып табылады. Осы мақсатта екі түрлі ақпарат көздерінен алынған бір тақырыптағы мақалаларды салыстыру ұсынылады.

Студенттерге берілетін тапсырманың құрылымы:

1. Мақалаларды таңдау. Студенттер екі мақаланы таңдайды: біреуі халықаралық, екіншісі ұлттық ақпарат көздерінен болуы ұсынылады. Бұл әртүрлі көзқарастарды салыстыруға мүмкіндік береді.

2. Фактілерді салыстыру. Мақалалардағы негізгі фактілерді салыстырып, деректердің сәйкестігін және айырмашылықтарын анықтау қажет. Бұл ақпараттың дәлдігі мен сенімділігін бағалауға көмектеседі.

3. Мазмұнды талдау. Мақалалардың тілін, стилін және эмоционалды сөздерді талдау арқылы ақпараттың ықпалын түсіну маңызды. Эмоционалды сөздер мен сөз тіркестері ақпараттың қабылдануына әсер етуі мүмкін.

4. Дереккөздер мен сілтемелерді тексеру. Мақалаларда қолданылған дереккөздер мен сілтемелердің сенімділігін бағалау қажет. Бұл ақпараттың негізділігін анықтауға көмектеседі.

5. Бейтараптықты бағалау. Ақпараттың бейтараптығын немесе үгіт-насихат белгілерін анықтау маңызды. Мысалы, белгілі бір фактілерді қосу немесе алып тастау, тақырыптың бір аспектісіне назар аудару арқылы ақпараттың қабылдануына әсер етуі мүмкін.

6. Қорытынды есеп. Студенттер өз бақылаулары мен қорытындыларын қысқаша есеп түрінде жазып, салыстырмалы талдау кестесін көрсетуі қажет. Бұл олардың аналитикалық дағдыларын дамытуға көмектеседі.

7. Топтық пікірталас. Қорытынды жұмысты топтық пікірталас түрінде ұйымдастыру ұсынылады. Бұл студенттердің өз пікірлерін қорғауға және басқалардың көзқарастарын тыңдауға мүмкіндік береді.

Студенттер алынған екі мақаланы мұқият оқып шыққаннан кейін, кесте жасау керек (ол төмендегі мәліметтерді қамтуы керек, Кесте 2):

Кесте 2 – Мақалаларды салыстыру кестесінің үлгісі

Таблица 2 – Пример таблицы сравнения статей

Table 2 – Example of a Comparison Table of Articles

Мақала №1 (халықаралық)	Мақала №2 (ұлттық ақпарат көздері)
Мақала атауы	Мақала атауы
Мақала авторы (аты-жөні)	Мақала авторы (аты-жөні)
Жариялаған күні	Жариялаған күні
Ақпарат көзінің атауы (газет, журнал т.б.)	Ақпарат көзінің атауы (газет, журнал т.б.)
Мақала түрі (ғылыми, жаңалық, сараптама т.б.)	Мақала түрі (ғылыми, жаңалық, сараптама т.б.)
Аудиториясы (жалпы жұртшылыққа, жастарға т.б.)	Аудиториясы (жалпы жұртшылыққа, жастарға т.б.)
Мақсаты (ақпарат беру, талқылау т.б.)	Мақсаты (ақпарат беру, талқылау т.б.)
Мазмұны (қысқаша сипаттама)	Мазмұны (қысқаша сипаттама)
Стилі (ғылыми, ресми, публицистикалық т.б.)	Стилі (ғылыми, ресми, публицистикалық т.б.)
Тілі (қазақ, орыс, ағылшын т.б.)	Тілі (қазақ, орыс, ағылшын т.б.)
Мәліметтер (дәлдігі мен сенімділігі)	Мәліметтер (дәлдігі мен сенімділігі)
Мазмұны (өзгешеліктер мен ұқсастықтар)	Мазмұны (өзгешеліктер мен ұқсастықтар)
Авторлық көзқарас (көзқарасы мен бейтарап пікірі)	Авторлық көзқарас (көзқарасы мен бейтарап пікірі)
Ақпарат көзі (сенімділігі мен беделі туралы пікірі)	Ақпарат көзі (сенімділігі мен беделі туралы пікірі)
Қорытынды (қорытынды пікір мен бағалау)	Қорытынды (қорытынды пікір мен бағалау)

Осылайша, ұсынылған тапсырма екі мақаланы салыстыру арқылы студенттердің медиасауаттылығын дамытуға, ақпаратты сыни тұрғыдан талдауға және дереккөздердің

сенімділігін бағалауға бағытталған тиімді әдіс болып табылады.

2. *Блог немесе бейне блог құру.* Бұл шағын топтарда жұмыс істеуге арналған тапсырма. Студенттерге медиасауаттылықты дамытуда өз ана тілінде немесе орыс және шет тілінде блог жүргізу және рөлдік ойындар сияқты әдістер тиімді құралдар болып табылады. Олар студенттердің коммуникация дағдыларын жетілдіруге, сыни ойлау қабілеттерін арттыруға және ақпаратты талдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

3. *Рөлдік ойындар.* Журналист, жаңалықтар жүргізушісі немесе сұхбат беруші рөлдерін ойнау арқылы студенттер өздерінің коммуникация дағдыларын жетілдіре алады. Рөлдік ойындар олардың қоғамдық сөйлеу қабілеттерін, шебер сөйлеу дағдыларын және ақпаратты тиімді жеткізу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

4. *Әлеуметтік-мәдени айырмашылықтарды зерттеу.* Студенттерге әртүрлі елдің бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) қоғамдағы маңызды мәселелерді, құндылықтарды және стереотиптерді бейнелейтін негізгі алаң болып табылады. БАҚ мәтіндерін талдау арқылы өзекті тақырыптарды, көрініс тапқан құндылықтарды және кездесетін стереотиптерді анықтауға болады.

5. *Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) өкілдері туралы презентациялар жасау.* Студенттер белгілі БАҚ өкілдері туралы презентациялар дайындау арқылы олардың кәсіби қызметі, жетістіктері және қоғамға қосқан үлесі туралы ақпаратты жинақтап, жүйелеуге мүмкіндік алады. Бұл тапсырма студенттердің зерттеу дағдыларын, ақпаратты талдау және синтездеу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Студенттер тандалған тақырып бойынша материалдарды сенімді дереккөздерден (мысалы, ғылыми мақалалар, ресми есептер, танымал БАҚ жаңалықтары) мұқият іздеуді талап етеді. Олар маңызды деректер мен фактілерге назар аудару білуі керек.

Сыни ойлау және ақпаратты талдау дағдыларын дамыту үшін интерактивті ойындар ұйымдастыру да өте тиімді. Мысалы, рөлдік ойындар арқылы студенттер журналист, жаңалықтар жүргізушісі немесе сұхбат беруші рөлдерін ойнап, коммуникация дағдыларын жетілдіре алады.

Бұл студенттердің кәсіби тіл мен шеберлікті меңгеруіне, сондай-ақ медиамәдениетін дамытуға ықпал етеді. Мұндай тапсырмалар студенттерге ақпаратты тиімді жеткізу, сыни ойлау және әртүрлі медиа форматтарын пайдалану дағдыларын дамытуға көмектеседі.

6. *Постер жасау.* Коммуникация дағдыларын дамыту үшін студенттерге ағымдағы оқиғалар туралы ақпараттық постер жасау ұсынылады. Мысалы, экологиялық немесе әлеуметтік мәселелер т.б. тақырыптар туралы постерлер жасау арқылы студенттер ақпаратты қысқаша әрі тиімді түрде жеткізу дағдыларын меңгереді.

Студенттерге тапсырманы орындау кезеңдерін түсіндіру қажет: 1. Тақырыпты таңдау; 2. Зерттеу және мәліметтер жинау; 3. Постер құрылымын жоспарлау; 4. Көрнекі мазмұнды құру; 5. Дизайн және безендіру; 6. Тексеру және реттеу; 7. Постер презентациясы.

Постер жасау барысында оның негізгі бөлімдерін анықтау және көрнекі мазмұнды тиімді құру маңызды. Мұны Canva, Adobe Spark немесе PowerPoint сияқты графикалық және дизайн бағдарламаларын пайдалану арқылы жасауға болады. Бұл ресурстар постер жасау үдерісін жеңілдетуге және кәсіби деңгейде орындауға көмектеседі. Диаграммалар, постерді көрнекі түрде тартымды ететін және негізгі ойды жеткізуге көмектесетін суреттер мен иллюстрациялар болуы керек.

Мазмұнды жобалау кезінде дизайн принциптерін ұстану керек: қарама-қарсы түстерді пайдалану, оқылатын қаріптер, элементтердің логикалық орналасуы. Мәтінді қысқа әрі түсінікті етіп, ақпаратты қолдау үшін көрнекі элементтерді сақтауды ұмытпау. Постердегі қателер мен түсініксіздікті тексеру үшін студенттер мұғаліммен кері байланыс жасап, қажетті өзгерістерді енгізу қажет.

7. *Сыни пікір.* Студенттерде мәліметтерді талдау дағдыларын дамыту үшін фильмдер мен кітаптарға сыни пікір жазу тапсырмасын орындатуға болады. Студенттер өздері оқытушы ұсынған тізімнен фильмді немесе кітапты таңдайды немесе өз бетінше еркін таңдауға да болады. Фильмді мұқият қарап, кітапты оқығанда сюжетіне, кейіпкерлерге, стиліне аса назар аудару

кажет. Сюжет пен кейіпкерлерді талдауда шығармадағы негізгі ойға, басты кейіпкерлердің дамуына, мотивтеріне баға беріледі. Сонымен бірге автордың стилін талдау арқылы әңгіме ұйымдастыруға болады. Автордың әдеби стилін, тілін, мәтін құрылымын және әдеби құралдарды пайдалануына өз пікірін білдіре алуы керек. Талдау нәтижесінде жұмыстың негізгі хабары немесе идеясы анықталады.

Студенттер фильм немесе кітаптың хабарды қаншалықты жеткізе алғандығын, ол үшін қандай әдістер қолданылатыны туралы пікірін тұжырымдау керек. Фильм немесе кітаптан алынған нақты мысалдар негізінде оларды өз талдауы бойынша бағалап сыни пікір айта білуі қажет. Жұмысты аяқтаған соң мәтінді кіріспеге, талдаудың негізгі бөліктеріне және қорытындыға бөліп, 3-5 беттік (шамамен 1000-1500 сөз) шолу жазу керек.

Бұл оларға аналитикалық ойлау қабілетін дамыту мен шығармашылық жұмыстарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сыни пікір жазу дағдыларын дамытуға арналған пайдалы ақпараттар ұсынады.

8. *Подкаст жасау.* Қазіргі медиамазмұнды тұтынудың танымал форматы. Осы үдерісті тиімді жүзеге асыру үшін бірнеше маңызды қадамды орындау қажет. Ол үшін:

1. Тыңдармандарға қызықты әрі маңызды тақырыпты таңдай отырып, сарапшыларды (ғалымдар, журналистер, қоғам қайраткерлері т.б.) шақыруға мұқият дайындалу қажет.

2. Audacity, GarageBand сияқты дыбыс жазу және өңдеу бағдарламаларын пайдалана отырып, сапалы микрофондар, құлаққаптар және дыбыс жазу құрылғыларын дайындау.

3. Дайындалған сценарий бойынша сарапшылармен сұхбат жүргізіп, жазып алғаннан соң жазбаны тыңдап, қажетсіз үзілістерді, қателерді және шуды алып тастап, дыбыс сапасын жақсарту.

4. Sound Cloud, Anchor, Spotify сияқты подкасттарды жариялау платформаларын таңдай отырып, подкасттың мұқабасын, сипаттамасын жасап, оны таңдаған платформаға жүктей отырып, әлеуметтік желілер мен т.б. арқылы подкастыңыздың таралуын қамтамасыз ету. Осы қадамдарды орындау арқылы студенттер сапалы әрі тыңдармандарға қызықты подкаст жасай алады.

Сонымен, медиасауаттылық пен медиамәдениет – студенттердің аналитикалық дағдылары мен сыни ойлауын дамытуға ықпал ететін негізгі құзыреттер. Медиабілімнің негізі – медиамәдениет. Медиабілім беру оқытушының студенттермен жұмысында міндетті компонент болуы керек.

Қорытынды

Қорытындылай келе, медиамәдениет студенттердің теориялық және практикалық негіздер арқылы әр түрлі мәліметтерде сыни тұрғыдан қабылдау, талдау және тиімді пайдалану үшін ақпараттық ортада бағдарлану қабілетін дамытады. Зерттеудегі медиамәдениеттің білім беру жүйесіне интеграциялануы студенттердің сыни ойлау қабілетін жетілдірумен қатар, олардың медиа кеңістігінде белсенді, әрі жауапкершілігі мол жұмыстар орындауына өз септігін тигізері сөзсіз.

Студенттермен жұмыс жасау барысында медиасауаттылық пәнін оқытуды енгізу керек. Медиамәдениет медиасауаттылықтың негізін қалыптастыратын фактор ретінде студенттерге ақпараттың сенімділігі мен объективтілігін бағалауға көмектеседі. Сонымен қатар ол ақпарат көздерін талдау арқылы пікірлердің шынайы немесе жалған екенін ажыратып, ақпаратты сыни қабылдау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Оларға манипуляция мен үгіт-насихат түрлерін айқындауға, жалған ақпараттан қорғану қабілетін қалыптастыруға, сондай-ақ әртүрлі медиа форматтарында ұсынылған мазмұнды сыни тұрғыдан бағалауға үйретеді.

Медиасауаттылықты тиімді дамыту мақсатында медиамәдениетті әртүрлі оқу пәндеріне біріктірудің маңызы зор. Себебі оларға мәдениет, саясат, экономика және экономикалық білім салалары арасындағы өзара байланысты ақпараттық талдау мүмкіндіктері негізінде тереңірек түсінуге, жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеулер медиамәдениеттің қазіргі заманғы білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі екенін және оның студенттердің медиасауаттылығын жан-жақты дамытуына, ақпараттық қоғам жағдайында өмір сүруіне әрі еңбек нарығына бейімделуіне ықпал ететінін көрсетеді.

Осымен байланысты медиамәдениетті зерттеу мен оны білім беру мекемелеріне кеңінен енгізу – жастардың медиасауаттылығы мен сыни ойлау қабілетін арттыруға бағытталған маңызды стратегиялық қадам.

Әдебиеттер

- Ахметова Л.С. Медиаобразование в Казахстане //Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – Москва, – №3-2. – 2014. – С. 37-38.
- Ахметова Л.С. Медиабілім берудің әдістемесі: Оқу құралы. – Астана: ТОО «Идеал-ИС», 2014. – 121 б.
- Барлыбаева С. Modern media education in Kazakhstan // Вестник Казахского национального университета. Серия журналистики. – Том 53. – №3. – 2019. – С. 55-62.
- Елубаева П. и др. Включение медиаграмотности в программу языкового образования в интересах устойчивого развития // Вестник РОО «Национальной академии наук республики Казахстан». – №6(406). – 2023. – С. 102-112.
- Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы: филол. ғыл. док. ... дисс.: Алматы, 2007. – 345 б.
- Искаков Б.А. Развитие медиакомпететности учителей в условиях ресурсного центра: автореф. ... канд. филол. наук. – Барнаул, 2013. – 24 с.
- Иманқұлов М., Усупбаева А., Текімбаева А., Данилова Н., Штурхетский С. Кожобекова Б. Медиаақпараттық сауаттылық: мұғалімдерге арналған ресурстық кітап. – 2018. – 269 б.
- Келлнер Д. Медиаграмотность в эпоху конвергенции. – Массачусетс: Массачусетский технологический институт, 2003.
- Кириллова Н.Б. Медиакультура: от модерна к постмодерну. – Москва: Академический проект, 2006. – 448 с.
- Қошанова Г.Д., Абенова Р.Р., Тәжібаева Ж.Қ. ЖОО-да ақпараттық технологияларды оқыту процесінде медиасауаттылықты қалыптастыру // Ғылыми сараптамалық журнал. – №1 (33). – 2021.
- Лазарсфельд П.Ф., Мертон Р.К. Коммуникация, массовые средства массовой информации и народ. – Нью-Йорк: изд. Колумбийского университета, 1948.
- Медиа және ақпараттық сауаттылық: оқытушыларға көмекші құрал. / Кэролайн Уилсон, Алтон Гриззл, Рамон Туазон т.б.; орыс тілінен ауд.: Г. Сұлтанбаева, Б. Әліқожа. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 194 б.
- Медиялық және ақпараттық сауаттылық // Авторлық ұжым: Ахметова Л., Шорохов Д., Ниязгулова А., ЮНЕСКО-ң Алматыдағы бюросы. – 2015. – 36 б.
- Сейдалиева Г. Мерзімді баспасөздердегі стереотиптердің лингвопрагматикалық ерекшеліктері: философия докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2017. – 185 б.
- Сейітқазы П.Б. Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындау. Монография. – Астана, 2009. – 311 б.
- Сейітқазы П.Б. Медиабілім берудің әдістемесі. Оқу құралы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасы, 2014.
- Штурхецкий С. Медиасауаттылық. Жоғары оқу орындарына арналған медиа және ақпараттық сауаттылық бойынша оқу құралы. – Алматы, 2018. – 152 б.
- Hall, S. Encoding/decoding. In S. Hall, D. Hobson, A. Lowe, & P. Willis (Eds.), Culture, Media, Language: Working Papers in Cultural Studies, 1972-79. London: Hutchinson, 1980.

References

- Ahmetova, L.S. (2014) Mediaobrazovanie v Kazahstane. Mezhdunarodnyj zhurnal prikladnyh i fundamental'nyh issledovanij. Moskva. No. 3-2. S. 37-38. [Akhmetova, L.S. (2014) Media education in Kazakhstan. International Journal of Applied and Fundamental Research. Moscow. No. 3-2. Pp. 37-38.] (in Russian)
- Ahmetova, L.S. (2014) Mediabilim beruding adistemesi: Oqu qurali. Astana: TОО «Ideal-IS». 121 b. [Akhmetova, L.S. (2014) Methodology of Media Education: Textbook. Astana: LLP “Ideal-IS”. 121 p.] (in Kazakh)
- Barlybaeva, S. (2019) Modern media education in Kazakhstan. Vestnik Kazahskogo nacional'nogo universiteta. Serija zhurnalistiki. Tom 53 No. 3. S. 55-62. [Barlybayeva, S. (2019) Modern media education in Kazakhstan. Bulletin of the Kazakh National University. Journalism Series. Volume 53. No. 3. Pp. 55-62.] (in English)
- Elubayeva, P. i dr. (2023) Vkljuchenie Mediagramotnosti v programmu jazykovogo obrazovaniya v interesah ustojchivogo razvitiya. Vestnik ROO «Nacional'noj akademii nauk respubliki Kazahstan». No. 6(406). S. 102-112. [Yelubayeva, P. and others (2023) Inclusion of media literacy in the language education program in the interests of sustainable development. Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. No. 6 (406). Pp. 102-112.] (in English)
- Esenova, Q. (2007) Qazirgi qazaq media-matinining pragmatikasi: filol. gyl. dok. ... dis. Almaty, 345 b. [Yessenova, K. (2007) Pragmatics of modern Kazakh media text: doctoral dissertation in Philology. Almaty. 345 p.] (in Kazakh)
- Hall, S. (1980) Encoding/decoding. In S. Hall, D. Hobson, A. Lowe, & P. Willis (Eds.), Culture, Media, Language: Working Papers in Cultural Studies, 1972-79. London: Hutchinson. (in English)
- Imanqulov, M., Usupbaeva, A., Tekimbaeva, A., Danilova, N., Shturhetskij, S. Kozhobekova, B. (2018) Mediaaqqaratyq sauattylyq: mugalimderge arналган resurstyq kitap. 269 b. [Imankulov, M., Usupbayeva, A., Tekimbayeva,

- A., Danilova, N., Shturkhet'skiy, S., Kozobekova, B. (2018) Media Literacy: A Resource Book for Teachers. 269 p.] (in Kazakh)
- Iskakov, B.A. (2013) Razvitie mediakompetentnosti uchitelej v uslovijah resursnogo centra: avtoref. ... kand. filol. nauk. Barnaul. 24 s. [Iskakov, B.A. (2013) Development of media competence of teachers in a resource center: Author's abstract. ... Philol. Sci. Barnaul. 24 p.] (in Russian)
- Kellner, D. (2003) Mediagramotnost' v jepohu konvergencii. Izd: Massachusetskogo tekhnologicheskogo instituta. [Kellner, D. (2003) Media literacy in the era of convergence. Massachusetts: MIT Press.] (in Russian)
- Kirillova, N.B. (2006) Mediakul'tura: ot moderna k postmodernu. Moskva: Akademicheskij projekt. 448 s. [Kirillova, N.B. (2006) Media culture: from modernity to postmodernity. Moscow: Academic project. 448 p.] (in Russian)
- Lazarsfel'd, P.F., Merton, R.K. (1948) Kommunikacija, massovye sredstva massovoj informacii i narod. New-York: izd: Kolumbijskogo universiteta. [Lazarsfeld, P.F., Merton, R.C. (1948) Communication, mass media and the people. New York: Columbia University Press.] (in Russian)
- Medialyq zhane aqparattyq sauattylyq. Avtorlyq uzhy: Ahmetova, L., Shorohov D., Nijazgulova, A. (2015) UNESCO-nyng Almatydagy bjurosy. 36 b. [Media and information literacy. Author team: Akhmetova, L., Shorokhov, D., Niyazgulova, A. (2015) UNESCO office in Almaty. 36 p.] (in Kazakh)
- Media zhane aqparattyq sauattylyq: oqytushylarga komekshi qural (2018) / Kérolayn Wilson, Alton Grizzl, Ramon Twazon [zhane t.b.]; orys tilinen aud.: G. Sultanbaeva, B. Aliqozha. Almaty: Qazaq universiteti. 194 b. [Media and Information Literacy: A Teacher's Guide (2018) / Caroline Wilson, Alton Grizzle, Ramon Tuazon [et al]; From the Russian language: G. Sultanbayeva, B. Alikozha. Almaty: Kazakh University. 194 p.] (in Kazakh)
- Qoshanova, G.D., Abenova, R.R., Tazhibaeva, J.Q. (2021) ZhOO-da aqparattyq texnologijalary oqytu procesinde mediasauattylyq qalyptastyru. Gylymi saraptamalyq zhurnal. No.1 (33) [Koshanova, G.D., Abenova, R.R., Tazhibayeva, Zh.K. (2021) Formation of media literacy in the process of teaching information technologies in universities. Scientific expert journal. No.1 (33).] (in Kazakh)
- Seidalieva, G. (2017) Merzimdi baspasozdegi stereotipterding lingvopragmatikalyq erekshelikteri: Filosofija doktory (PhD) ... dis. Almaty. 185 b. [Seidaliyeva, G. (2017) Linguo-pragmatic features of stereotypes in periodicals: Dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD). Almaty. 185 p.] (in Kazakh)
- Sejitzazy, P.B. (2009) Bolashaq mugalimderdi BAQ arqyly tarbie urdisine dajyndau. Monografija, Astana. 311 b. [Sejitzazy, P.B. (2009) Preparing future teachers for media education. Monograph, Astana. 311 p.] (in Kazakh)
- Sejitzazy, P.B. (2014) Mediabilim beruding adistemesi. Oqu qurali. Astana: L.N. Gumil'jov atyndagy Eurazija Ul'tyq universitetining baspasy. [Sejitzazy, P.B. (2014) Methodology of media education. Ammunition. Astana: Publishing house of L. N. Gumilyov Eurasian National University.] (in Kazakh)
- Shturheckij, S. (2018) Mediasauattylyq. Zhogary oqu oryndaryna arnalgan media zhane aqparattyq sauattylyq bojynsha oqu quraly. Almaty. 152 b. [Shturkhet'skiy, S. (2018) Media Literacy. Media and information literacy textbook for higher education institutions. Almaty. 152 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 16.02.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 25.03.2026.